

**«Құқық тәртібінің жай-күйі және ішкі істер органдары
қызметінің негізгі бағыттары туралы» деген тақырыпта өткен
Үкімет сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) маскүнемдікпен, нашақорлықпен, қылмыспен, кәмелетке толмағандардың панасыз қалуымен, заңсыз көші-қонмен күресті жандандыруға, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды қайта әлеуметтендіруге бағытталған, құқық бұзушылықтарды әлеуметтік тұрғыдан профилактикалау жүйесін құру жөніндегі жұмысты жалғастырсын;

2) жергілікті атқарушы органдардың, барлық меншік нысанындағы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың құқық бұзушылықты профилактикалау саласына қатысуын жандандыру жөнінде шаралар қабылдайтын болсын;

3) ішкі істер органдары қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселелерін қарастырсын.

Ішкі істер министрлігі:

1) Бас прокуратурамен бірлесе отырып, қылмыстарды толық тіркеуді қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау, алдын ала тергеу және анықтау барысында заңдылықты нығайту жөніндегі қағидаттық бағытты жүргізуді жалғастырсын;

2) экстремистік және террористік бағыттағы ұйымдасқан қылмысқа, есірткі қылмыстарына, заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл жасау бойынша қосымша шаралар қабылдасын;

3) қылмыстық-атқару жүйесінде күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жұмысын жетілдіруді жалғастырсын;

4) министрліктің заң қызметін заң жобалау қызметі жөніндегі жеке бөлімше түрінде нығайту туралы мәселені қарастырсын;

5) ішкі істер органдарының жеке құрамы арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және қызметтік тәртіпті нығайту жөніндегі жұмысты жалғастырсын;

6) халықаралық тәжірибені зерделесін, жол-көлік оқиғаларының алдын алуды күшейтсін, жол қозғалысы қауіпсіздігін насихаттау жөніндегі жұмысты жандандырсын, жол қозғалысын бақылайтын қазіргі заманғы интеллектуалдық құралдарды енгізсін, жол қозғалысын ұйымдастыру, оның ішінде көлік инфрақұрылымын жетілдіру арқылы ұйымдастыру мәселелеріне талдау жасасын;

7) учаскелік инспекторлардың және олардың көмекшілерінің сондай-ақ кәметке толмағандардың ісі жөніндегі «мектеп» инспекторларының штат санын арттыру мәселелеріне талдау жасасын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті ұсыныстар енгізсін;

8) жауынгерлік әзірлікті арттыру, жеке құрамды оқытуды ұйымдастыру, өлімге әкелмейтіндей іс-әрекетке арналған қазіргі заманғы арнайы құралдарды енгізу үшін барлық шараны қабылдайтын болсын;

9) тұрғын аудандар мен қоғамдық орындарда бейнебақылау камераларын орнату жөніндегі мәселені зерделесін.